

*ӨМІРГЕ ҚАУІП ТУҒЫЗАТЫН
ЖАҒДАЙЛАРДА
ЖЕДЕЛ КӨМЕК
КӨРСЕТУ АЛГОРИТМІ*



Жоспар:

I. Кіріспе

Алғашқы көмек

II. Негізгі бөлім

Өмірге қауіп туғызатын жағдайларда жедел
көмек көрсету алгоритмі

III. Қорытынды



Жедел медициналық көмек көрсету және санитариялық авиация нысанында медициналық көмек ұсыну қағидаларын бекіту туралы **Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 269 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 4 маусымда № 11263 тіркелді**




Жедел көмек — адам өміріне немесе денсаулығына кенеттен қауіп төнгенде оның өмірін сақтап қалу үшін немесе апаттың зиянды әсерін азайту үшін қолданылатын қарапайым шаралар. Апаттың қатарына әр түрлі жарақаттар, сынық, буынның шығуы, улану, суға бату, күю, үсу, электр тоғы соғу, т.б. жатады. Алғашқы көмектің негізгі шаралары: апатқа түскен адамды апат әсерінен құтқару (өрттен, судан шығару); апаттың зиянды әсерін тоқтату (адамды жылыту, ііс тисе таза ауа жұтқызу); қан тоқтату, жараны байлау, сынған аяқтың немесе қолдың қозғалысын тежеу; жасанды дем алдыру, жүрекке жабық массаж жасау, апатқа түскен адамды тезірек емдеу мекемесіне жеткізу немесе жедел медициналық көмек көрсететін дәрігерлер тобын шақыру.



Тұрмыстық күйіктер


Белгілері:

- ❑ I дәрежедегі күйік: дене қатты қызарып, домбығады, дуылдап аурады.
- ❑ II дәрежедегі күйік: қатты қызарған теріде көлкілдек бүршік пайда болады (сары сұйық жинақталады), ауру жанына қатты бата бастайды.
- ❑ III дәрежедегі күйік: терінің түсі сары- қоңыр (тері жансызданады, некроз), ауруды сезіну үдейді, естен тану белгілері байқалады.
- ❑ IV дәрежедегі күйік: терінің, бұлшық еттің және сүйектің қарайып күйюі, ауруды сезіну белгілері үдейді, естен тану белгілері әлдеқашан байқалған.



Сенің әрекеттерің:

- ✓ Кешіктірмей күйік себебін жойыңыз (мысалы жалынды сөндіру). Денесінен тұтанған немесе ыстық май, су, химиялық зат сіңген киімді, ол теріге жабысқан жерлерін қалдырып, өзге жерлерін шеш.
- ✓ Күйген жерді суық судың астында 10-15 мин (ағынды су) ұстаңыз.
- ✓ Егер дененің зақымдалған үлкен жерінің көлемі үлкен болса, оның үстін суық суға малынған ақжаймамен жабыңыз. Салқындатқаннан кейін құрғақ таңғыш, дәкі немесе ақжайма қолданыңыз.
- ✓ Егер зардап шегуші есінен айрылмаған болса, оған суық су бер.



Ожоги лучше промывать холодной водой...

Затем наложить повязку и отправиться к врачу



Есінде болсын! Күйген жерге қандай да бір май немесе крем жағуға, теріде пайда болуы мүмкін көпіршіктерді ашуға (жұқпалылардың ену қауіпі) болмайды.

Күйген алаң онша үлкен болмаса (қызарған тері, көлкілдек бүршік) жергілікті жердің травпунктіне қарал. Дененің күйген алаңы үлкен болған жағдайда "103-жедел жәрдемін" шақыр.



Тыныс алу жолдарындағы немесе өңештегі бөгде заттар

Белгілері: зардап шегуші мойнын ұстап, ештеңе айта алмайды, жан таласа дем алғысы келеді, ауа жетіспегенін сезінді, көгере бастады.

Тыныс жолдары жарақаттанған кезде: шуылға ұқсас қатты жөтеледі.

Іс-әрекет алгоритмі:

1. Науқасқа ыңғайлы жағдай жасау. Басын алға еңкейту, қысып тұрған киімдерді шешу.
2. Есі бар екендігін сақтай отырып, тізеңізге ішімен жатқызып, науқастың басын еңкейту, екі жауырын ортасынан екі қолыңызбен, науқас сыртқа дем шығарғанда жеңіл басыңыз.
3. Вибрациялық массаж арқылы жасанды жөтел шақыру.
4. Есі бар екендігін сақтай отырып, Геймлих әдісін отырғызып немесе тұрғызып жасаңыз.
5. Егер науқас, ес-түсін жоғалтса, оны арқасына жатқызып, сұқ саусақпен мойын үстінен кеңірдекті терең басып бөгде затты алу.
6. Көмектеспеген жағдайда, науқастың бел тұсына отырып, екі тіземізді еденге тигізіп, эпигастрий аймағын қозғалту бас жағына қарай.
7. Ұйқы артериясынан пульс тексеру, демалысы мен жүрегі тоқтаған жағдайда жүрек-өкпе реанимациясын жасау.
8. Осы іс-әрекеттерді науқастың жағдайы жақсарғанша жасау.
9. Жедел жәрдем шақыру.



Тамақ ішу кезіндегі тұншығу

Белгілері: Зардап шегуші кенет жөтеле бастайды, тыныс алуы жиілейді, көгеріп, естен танады.

Сенің әрекетің:

Зардап шегушінің артына тұрып, екі қолыңмен білектеріңді кіндіктен қабырғаға доға бұрышын жасап қой. Оң білек, түйілген жұдырықпен сол білектің үстіне қойылады.

Зардап шегушінің ішін өзіңе және жоғары қарай бірнеше рет қатты бас.

Тыныс алу жолдарынан бөгде зат шыққанға дейін орында. Егер зардап шегуші естен танса, оны еденге шалқасынан жатқыз, басын шалқайтып "ауызға - ауыз" әдісімен екі рет ауа үрлеу әрекетін жасаңыз.

Сонан соң, зардап шегушінің үстіне бөксе жағына қарай отырып, айқастырылған білекпен, енді өзіңнен алға қарай және шамалы төмен жағынан ішін басуды жалғастыр.

Әрбір 5 басудан кейін ауыз қуысын қарап шығу қажет. Өте толық немесе екі қабат әйелдерге әдіс төсінің орта жағында жүргізіледі.

Балаларға 1 жастан 8 жасқа дейін бір қолмен жасалады. 1 жасқа дейінгі нәрестені тізеңнің үстіне етпетімен жатқызып және алақанның сырт жағымен жауырынның ортасына бес рет жеделдетіп қағып соққы бер. Сонан соң оны шалқасынан жатқызып, төсінің ортасына бір немесе екі саусақпен бас. Нәтиже болмаған жағдайда әдісті қайтала. Әдіс жасау кезінде нәрестенің басы кеудеден төмен болуы тиіс.

Жүрек қызметінің тоқтауы

Айқындалуы: сананың жоғалуы, тыныс алудың болмауы, пульстің тоқтауы.

Жүрек- өкпе реанимациясының алгоритмі:

1. Реанимация жасау үшін алдымен науқасты тегіс жерге жатқызу керек.
2. Өкпені жасанды желдендіру үшін Сафардың үш әдісін қолданамыз олар: Науқастың басын барынша шалқайтып, астыңғы жағын алға қарай жылжытып, аузын ашу.
3. Массаж жасаушы адам алақандарын бірінің үстіне, бірін қояды.
4. Алақанның негізі төс сүйегі мен семсер тәрізді шеміршектің қиылысқан жерінен екі саусақ қиғаш жоғары тұруы керек.
5. Қолды тік, шынтақ буынында бүкпей ұстап, дене салмағымен омыртқаға қарай 5 см ығыстырып, ырғақпен басады.
6. Әр 30 массаждық қимылға, ауа үрлеудің жиілігі минутына 2 реттен келеді.
7. Науқастың аузына дем жіберу үшін, мұрнынан қысып, аузынан ауа үрлейді немесе АМБУ қапшығынан маска арқылы ауа жібереді.
8. Төс сүйегін омыртқаға қарай жаншудың ұзақтығы, жаншу аралығындағы уақытпен бірдей болуы тиіс, оның жиілігі минутына 100 рет.




Рис. 2.



KazMedic.kz

Есінде болсын!

Тек қана сананың жоғалуы, тамырлардың соқпауы, тыныс алудың жоқтығы кезінде жүргізіледі!

Жүргізілген реанимациялық шаралардың нәтижесі келесі белгілермен анықталады:

- Қарашықтың кеңеюі және қарашықтың жарыққа реакциясының болуы;
- ұйқы артерияларында пульсацияның пайда болуы;
- артериялық қысымның 60мм сын.бағ.-на дейін жоғарылауы;
- терісінің жансызданып бозаруының жоғалуы;
- қайта тыныс ала бастаған кезде табысты өткізілді деп санауға болады.

Ыстық өту кезіндегі жедел көмек

Айқыңдалуы: әлсіреу, жүрек айниды, құсқысы келеді, тері бозарып, жабысқақтық пайда болады, тыныс алуы жиілей түседі және тамыр соғысы жиелейді, әлсіз. Бас ауырады, айналады, естен тануы мүмкін, сіңірі тартылады.

Іс – әрекет алгоритмі:

1. Зардап шегушіні салқын, жақсы желдетілген жерге, желдің өтіне жатқыз. Үйде желдеткішті қолдан.
2. Басы мен жүрек төңірегін суық сумен салқындат;
3. суық тартуды шат төңірегіне, қолтық астына және мойынға қой.
4. Аяғын сәл көтеріңкіре.
5. Тар киімнің түймелерін ағыт.
6. Алдын ала тұз салып су бер (1 литрге 1 шай қасық тұз).
7. Егер зардап шегуші есінен танып, тыныс алуы тоқтаса, "ауызды ауызға" әдісімен жасанды дем алдыр.

Араның, сонаның шағуы

Сенің әрекетің:

- Егер шаққан жерде бізі қалса, оны қысқышпен байқап алып таста (ара бізін қалдырмайды).
- Жараға жартылай спиртті компресс немесе бал шелпегін қой (бақбақ гүлі сабағының "сүтін" қолдануға болады).
- Димидорл, пипольфен немесе супростин дәрмектерін ішкіз.

Аллергиялық естен тану дамыған кезде

Белгілері: күре тамыр қысымы күрт түседі, демігу, жүрек айналасының және іштің ауруы, естен тану.

Есіңде болсын! Ауру жағдайында аллергия организмге енгеннен кейін 1-2 минуттың ішінде өліп кетуі мүмкін.

Сенің әрекетің: сырқатты шалқасынан оның аяғы басынан биік болатындай етіп жатқыз. Тар кимідерінің түймелерін ағыт. Таза ауаның кіруін қамтамасыз ет.


Есіңде болсын! Егер сырқат естен танып қалса, оған ешқандай дәрі - дәрмек беруге немесе аузына су құюға болмайды.



Қол аяғы сынған кездегі алғашқы көмек:

Есіңізде сақтаңыз,

1. Қол-аяқ сынғанда шалт қозғалтуға болмайды, оны тартуға немесе бұруға рұқсат берілмейді. Сүйектері ашық сынып тұрған кезде жарақатқа итермелеуге тыйым салынады.
2. Қол-аяқ зақымданғанда ыңғайлы жағдайға келтіру керек.
3. Ашық сынған кезде жарақатқа таза салфетка немесе қол орамал жабу қажет.
4. Зардап шегушіге анальгетик беру (жасына сәйкес).



Қан кету кезінде жедел көмек

Артериялды қан кету

1. Жарадан жоғары жгут салу
(Жазда 2 сағ. -10 мин. Қыста 1,5 сағ. -10мин.)
2. Тамырларды саусақпен сүйекке басу

-Әлсіздік,
-Бас айналу,
-Көз алдының қараутуы
-Жүрек айну, құсу
-Бозару
-Тері серпімділігінің
пульсі жиі, әлсіз
-АҚҚ
-Тынысы жиі

Венозды қан кету

1. Тығыз қысатын таңу
2. Аяқ-қолды көтеру қалпы
3. Буынды бұғу

Капиллярлы қан кету

Асептикалық таңу
Аяқ-қолды жоғары көтеру

Қысатын таңу, аяқ-қолдарын көтеру қалпы, буынды қан кеткен жерге салқын қою, 5% аминокапрон қ-лы, 1% викасол ерітіндісі немесе 12,5% этамзилат ерітіндісі, гемостатикалық матаны бұғу

Мұрыннан қан кеткендегі шұғыл көмек

Жедел көмек

- пациентті отырғызу, иықтарын алға сәл еңкейту;
- мұрындарын саусақпен 10 минут қысу;
- мұрын белдеуіне суық қою;
- ауызын салқын сумен шайдыру;
- егер 10 минуттен соң мұрынның қанауы тоқтамаса, оны тағы 10 минутке қысу;
- мұрынды 10 минут қайта қысқаннан кейін де жалғасатын қан кету медициналық көмекке жедел жүгінуді талап етеді.

Мұрын қанағанда баланың мыналарды істемеуіне тырысу керек:

- қозғалмау;
- сөйлемей;
- жөтелмей;
- сіңбірмей;
- мұрынын шұқымау;
- қанды ішке жұтпау.

Мұрыннан қан кеткенде пациент одан кейін 1-2 сағат ауызымен дем алуы қажет.



Суға батып бара жатқан адамға көмек көрсету

Бұл, әсіресе, балалар арасында жиі орын алатын тосын жағдай.

- ✓ Егер сіз аса жүзе алмасаңыз, сіздің қолыңыздан келетін бір-ақ амалыңыз.
- ✓ Егер адам бассейнның жанында батып бара жатса, өзіңіз құрғақта тұрып, ағаштың талы, ескек, болмаса орамал лақтырып, адамды алып шығыңыз.
- ✓ Егер жүзсеңіз, міндетті түрде бассейннің жиегінен ұстап, құтқарыңыз.
- ✓ Егер жақын маңда құтқару дөңгелегі болса, адамның бағытына қарай лақтырыңыз.
- ✓ Егер жақын маңда қайық болатын болса, батып бара жатқан адамға жүзіп барыңыз. Жүзу. Бұл – соңғы мүмкіндігіңіз. Өзіңізбен бірге қайыққа адамды шығару үшін құтқару дөңгелегін, орамал немесе жейде ала кетіңіз.



Жедел көмек:

1. Зардап шеккен адамның бетін төмен қарату, басын жамбасынан төмен орналастыру
2. Ауыз қуысын бөгде заттардан тазарту, тіл түбірін басу (құсу рефлексін тыныс алуды стимулдау үшін).
3. Құсу және жөтел рефлексі пайда болған жағдайда тыныс алу жолдарынан және асқазаннан суды шығару.
4. Егер құсу және жөтел рефлексі болмаса реанимация шараларын жүргізу керек (жасанды дем алдыру және жүрекке жанама массаж жасау).
5. Дереу емдеу мекемесіне жеткізу




Үсік шалу кезіндегі жедел көмек:

Үсік шалу дегеніміз төменгі температураның ықпалынан ұлпалар мен органдардың зақымдануы.

Іс- әрекет алгоритмі

1. Адамды жылы көрпеге ораңыз.
2. Оған ыстық шәй немесе кофе беріңіз.
3. Құрғақ матадан жасалған орамалмен терісі қызғанша уқалау.
4. Ал егер өзіңіз зардап шегіп қалсаңыз, мүмкіндігінше ыстық ваннаға түсіп және орамалмен құрғақтай денені сүртіп жіберіңіз.



Ақ мешіт Мөлтек ауданынан бүйрек шаншу шағымымен жедел жәрдем шақырылды



Ота жасау бөлім
Реанимация бөлімі

Жедел жәрдем

но-шпа 2,0-4,0 мл, баральгин 5,0 мл, спазган, триган 5,0 мл, спазмоверальгин 5,0 мл көк тамырға немесе бұлшық етке

ОМЦ

Қабылдау бөлімі

Урология бөлімшесі

анальгетиктер мен спазмолитиктер

(но-шпа 2,0-4,0 мл, баральгин 5,0 мл, спазган, триган 5,0 мл, спазмоверальгин 5,0 мл көк тамырға немесе бұлшық етке), есірткі анальгетиктерін (морфин гидрохлориді 1 пайызды-1 мл, промедол 2 пайызды-2,0 мл, омнопон 1 немесе 2 пайызды 1,0 тері астына).

Бүйрек шаншу кезіндегі жедел көмек.

1. Жедел жәрдем шақыру
2. Науқасты төсекке жатқызып, тыныштандыру керек.
3. Ауырсыну синдромын жою үшін спазмолитик пен наркотикалық емес ана-льгетиктер қатар берілу. Таңдамалы дәрі-дәрмек: дротаверин (миотропты спазмолитик) тамыр ішіне баяу енгізеді, 40-80мг (2% ерітінді 2-4мл); нитроглицерин (спазмолитик ретінде қолданылуы мүмкін) таблетка түрінде тіл астына (0,25мг немесе ½ таблетка) немесе аэрозоль (400 мкг немесе 1 доза).
4. ЖЖЖ, АҚ, диурез бақылау.
5. Грелка, жылытылған құм, ыстық ваннаны қолдану (температура 40-50°C).
6. Шұғыл түрде бүйрек шаншуы басылмағанда; асқынулардың клиникалық белгі-лері анықталғанда; екі жақты бүйрек шаншуы немесе жалғыз бүйрек кезінде ауруханаға жатқызылады.

Сұрақтар

1. Өмірге қауіп туғызатын факторларды атаңыз.
2. Күйік кезіндегі алғашқы көмек.
3. Тамырдан қанның тінге және ағза қуысына немесе сыртқы ортаға төгілуі не деп аталады?
4. Қан кетудің неше түрі бар?
5. Реанимациялық шаралардың әсері қандай белгілермен анықталады?
6. Кенет пациент жөтеле бастайды, тыныс алуы жиілейді, көгеріп, естен тану белгілері қай жедел жағдайға тән?
7. Артериядан қан кеткенде жгутты қай жерден байлайды?
8. Мұрыннан қан кету кезіндегі жедел көмек.
9. Суға батқан адамға көрсетілетін жедел көмек.
10. Үсік кезіндегі жедел көмек.



1.Өмірге қауіп туғызатын факторлар - әр түрлі

жарақаттар, сынық, буынның шығуы, улану, суға бату, күйю, үсу, электр тоғы соғу, т.б. жатады.

2.Күйік кезіндегі алғашқы көмек. Кешіктірмей күйік себебін жойыңыз теріге жабысқан жерлерін қалдырып, өзге жерлерін шеш.

Күйген жерді суық судың астында 10-15 мин (ағынды су) ұстаңыз.

Егер дененің зақымдалған үлкен жерінің көлемі үлкен болса, оның үстін суық суға малынған ақжаймамен жабыңыз.

Егер зардап шегуші есінен айрылмаған болса, оған суық су беру.

3.Тамырдан қанның тінге және ағза қуысына немесе сыртқы ортаға төгілуі қан кету.

4.Қан кетудің 3 түрі бар

5.Реанимациялық шаралардың әсері

-Қарашықтың кеңеюі және қарашықтың жарыққа реакциясының болуы;

- ұйқы артерияларында пульсацияның пайда болуы;

- артериялық қысымның 60мм сын.бағ.-на дейін жоғарылауы.

6.Кенет пациент жөтеле бастайды, тыныс алуы жиілейді, көгеріп, естен тану тамақ ішу кезіндегі тұншығу белгілеріне тән.

7.Артериядан қан кеткенде жгутты жарадан жоғары жгут байлайды.

8.Мұрыннан қан кету кезінде иықтарын алға сәл еңкейту, мұрындарын саусақпен 10 минут қысу, мұрын белдеуіне суық қою.

9.Суға батқан адамға көрсетілетін көмек бетін төмен қарату, басын жамбасынан төмен орналастыру, ауыз қуысын бөгде заттардан тазарту, тіл түбірін басу (құсу рефлексін тыныс алуды стимулдау үшін).Құсу және жөтел рефлексі пайда болған жағдайда тыныс алу жолдарынан және асқазаннан суды шығару.

10.Үсік кезіндегі жедел көмек жылы көрпеге ораңыз.Оған ыстық шәй немесе кофе беріңіз

Қорытынды

Қорытындылай келе өмірге қауіп туғызатын жағдайларда пациенттерге жедел көмек көрсету алгоритмі маңызды рөл атқарады. Пациенттерге жедел көмек көрсеткен кезде қауіпсіздік шараларын ескеру қажет. Жедел көмекті меңгеру арқылы адамның өмірін сақтап қалуға болады.

